ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 21 ақпан Іс № 7119-25-00-2/1264 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы судья А.К.Джакупов, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібінде қозғалған электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің «Жасыл Аймақ» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны

ЖАУАПКЕРЛЕР:
«Нұр – Сана» жеке кәсіпкері

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1.мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану
2.тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 267-4, 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қою арызы ішінара қанағаттандырылсын.

«Нұр – Сана» жеке кәсіпкерін мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер «Нұр – Сана» жеке кәсіпкерінен Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің «Жасыл Аймақ» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының пайдасына тұрақсыздық айыбы 291,60 (екі жүз тоқсан бір) теңге 60 тиын, мемлекеттік бажды төлеу бойынша шығыстары 9 (тоғыз) теңге өндірілсін.

Құжатқа қол қойылған: Джакупов А. К., 21.02.2025
Заңды күшіне енген күні: 31.03.2025, судья Джакупов А. К., 05.05.2025
7119-25-3-1/876

Жауапкер «Нұр – Сана» жеке кәсіпкерінен мемлекеттік кіріске мемлекеттік баж 1 966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) мөлшерінде өндірілсін.

Егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда, ол шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін тараптар және прокурор АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын ескере отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап бір ай ішінде Астана қаласының мамандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, апелляциялық өтінішхат беруі мүмкін.

Судья А.К.Джакупов

Құжатқа қол қойылған: Джакупов А. К., 21.02.2025

Заңды күшіне енген күні: 31.03.2025, судья Джакупов А. К., 05.05.2025

7119-25-3-1/876